

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТРЛІГІ**

«Қазгидромет» РМК



**Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №102
(Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)**

«28» қыркүйекке 2022 ж.

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «27» қыркүйек күні 21 сағаттан «28» қыркүйек күні 21 сағ. дейін 2022 ж.)

құрастырылған уақыты: 27.09.2022 ж.

Мекен жайы : Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел, 11/1
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Алданбергенова А.	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	Молдағалиева А.	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: moldagalieva_a@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Яфязова Р.	тел.: 8(727) 267-64-87	e-mail: seli@meteo.kz

**2022 жылғы «28» қыркүйекке
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

Іле Алатау	Кей жерлерде жауын-шашын (жаңбырдың соңы сулы қарға ауысады) (1-3 мм). Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 10-15 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 5-10 градус жылы.
Күнгеі Алатау	Кей жерлерде жауын-шашын (жаңбырдың соңы сулы қарға ауысады) (1-3 мм). Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 10-15 градус жылы.
Теріскей Алатау	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 11-16 градус жылы.
Жетісу Алатау	Кей жерлерде жаңбыр (1-8 мм). Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 17-22, екпіні 27 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 10-15 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 7-12 градус жылы
Қырғыз Алатау	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-батыстан соғатын желдің бағыты солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 13-18 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-батыстан соғатын желдің бағыты солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 13-18 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 10-15 градус жылы.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 13-18 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Күндіз кей жерлерде шаңды дауыл. Оңтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 23-28 жылы.
Сауыр	Жаңбыр (1-10 мм). Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 7-12 градус жылы.
Тарбағатай	Күндіз жаңбыр (1-10 мм). Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 2-7, кей жерлерде 10, күндіз 7-12, кей жерлерде 15 градус жылы.
Қазақстандық Алтай	Түнде кей жерлерде жауын-шашын (жаңбыр, қар), күндіз басым бөлігінде жауын-шашын, кей жерлерде қатты жауын-шашын (жаңбыр, қар) (1-18 мм). Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 10-15, кей жерлерде 7 градус жылы.

2022 жылғы 27 қыркүйектегі жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу

Өткен тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде су деңгейінің шамалы ауытқуы байқалды. Таулардағы температуралық фон 4°C-дан 16°C-ға дейінгі жылу диапазонында сақталады. Нөлдік изотерма теңіз деңгейінен 3640 м биіктікте орналасқан.

Білімқұмарлар үшін селдер туралы мәліметтер

Жаңбыр және гляциалды генезисті селдердің сел қауіпті маусымы аяқталуда. Алайда, селдер қауіптілігі аяқталмайды, өйткені қар араласқан су және мұз араласқан су селдері бар. Іле Алатауында Кіші және Үлкен Алматы, Қаскелең,



Шамалған және Ұзынқарғалы өзендерінің алаптарында мұзсу селдері қалыптасты. Мәселен, 1987 жылы 28 қарашада Кіші Алматы өзенінде 120 м³/с шығынымен мұзсу селі қалыптасты. Мұзсу селдің жылдамдығы үлкен болғаны соншалық, мұздықтар көпір астындағы тесікті бітеп қана қоймай, Алматы-Каменское плато автокөлік жолына және "Түрксіб" демалыс үйінің бетон қоршауына ұшып келді. Бақытына орай ешкім зардап шеккен жоқ.

2006 жылдың 5 қаңтарында Ұзынқарғалы өзенінде мұзсу селі қалыптасты. Өзенде табиғи мұз бөгеттері пайда болды, олардың артында көп мөлшерде су жиналды



(жоғарғы сурет). Олардың бұзылуы көшкін тәрізді толқынның қалыптасуына алып келді. Қарғалы (Фабричный) ауылында шұға фабрикасының темірбетон қоршауы жартылай бұзылды, мұзсу селдің одан әрі қозғалысы кезінде жаяу жүргіншілер көпірін жұлып алып кетті, адамдар қаза тапты. Ауылдың төменгі жағында, Ұзынқарғалы өзенінің жайылмасында селдің шөгуі (сол жақ төменгі сурет) орын алды. Мұзсу сел өткеннен кейін өзен әдетте мұз түзілімдерінен тазаланады (төменгі оң жақ сурет). Селдер туралы интернеттен мына кітаптан

танысуға болады: Степанов Б. С., Яфязова Р. К. «Селевые явления Юго-Восточного Казахстана: Т.3. Селевые процессы и селетехнические сооружения». – Алматы, 2014. – 434 б.

Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер
2022 ж. "27" қыркүйекке

№	Өзен	Пункт	Биіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м ³ /с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лай- лылық
				Макс. 26.09	Мин. 27.09	08 ч. 27.09	День 26.09	Ночь 27.09	Ср. 26.09	08 ч. 27.09	Ср. 26.09	Макс. 26.09	08 ч. 27.09		
1	К. Алматы	Мыңжылқы М	3017	13.0	4.2										*
2	К. Алматы	Мыңжылқы ГБ	3017			4.0			256	254	0.07	0.07	0.01	-2	*
3	К. Алматы	Тұйықсу а. ГБ	2466			10.0			603	603	0.19	0.19	0.19	0	*
4	К. Алматы	Шымбұлақ М	2200	19.4	9.7										*
5	К. Алматы	Сарысай ГБ	1928			13.0			263	262	1.47	1.47	1.37	-1	*
6	К. Алматы	Медеу ГБ	1700			16.0			100	98				-2	*
7	Батарейка	Просвещенец ГБ	1569			12.0			45	45	0.07	0.07	0.07	0	*
8	К. Алматы	Алматы қ. ГБ	1179			13.0			184	184	1.08	1.08	1.08	0	*
9	Бұтақ	Бұтақ ГБ	1475			16.0			244	244				0	*
10	Ү. Алматы	көл. 1.1 км жоғарыдағы ГБ	2654			8.0			305	305	0.95	0.95	0.95	0	*
11	Ү. Алматы	Проходной ө. 2 км жоғарыдағы ГБ	1471			9.0			266	266				0	*
12	Құмбел	Устье ГБ	2150			11.0			73	72				-1	*
13	Проходная	Устье ГБ	1422			15.0			270	269	1.18	1.27	1.08	0	*
14	Терісбұтақ	Устье ГБ	1362			15.0			207	207	0.65	0.65	0.65	0	*
15	Қаскелең	Қаскелең ГБ	1133			16.0			276	276	3.80	3.80	3.80	0	*
16	Түрген	Таутүрген ГБ	1054			15.0			82	81	0.08	0.07	0.07	-1	*
17	Есік	Есік қ. ГБ	1279			15.0			189	188				-1	*
18	Талғар	Талғар ГБ	1199			15.0			295	294				-1	*
19	Үлкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауында ГБ	2500	17.2	3.7	10.0			954	953				-1	*

Ескертпе:

* - деректер жоқ

Қазақстан аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру
«28» қыркүйекке 2022 ж.

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Жалпы маусымдық қар сызығы жоқ. 3700 м биіктікте қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі біраз баяулады. Топырақтың ылғалдануы критериалды мәннен төмен. Кей жерлерде жауын-шашын (жаңбырдың соңы сулы қарға ауысады) (1-3 мм). Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті селдерінің қалыптасуына ықпал етпейді.
	Күнгеі Алатауы	
	Теріскей Алатау	Мұздықтардың еруі баяулады. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жетісу	Жетісу Алатауы	Мұздықтардың еруі баяулады. Кей жерлерде жаңбыр (1-8 мм). Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті селдерінің қалыптасуына ықпал етпейді.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Мұздықтардың еруі баяулады. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Күндіз жаңбыр (1-10 мм). Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті селдерінің қалыптасуына ықпал етпейді.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Мұздықтардың еруі баяулады. Жаңбыр (1-10 мм). Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті селдерінің қалыптасуына ықпал етпейді.
	Қазақстандық Алтай	Мұздықтардың еруі баяулады. Түнде кей жерлерде жауын-шашын (жаңбыр, қар), күндіз Қазақстандық Алтайдың басым бөлігінде жауын-шашын күтіледі, кей жерлерде қатты жауын-шашын (жаңбыр, қар) (1-18 мм). Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті селдерінің қалыптасуына ықпал етпейді.